

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

• қажетті жағдайда объектілер мен жүйелерді материалдық-техникалық қамтамасыз етудің айрықша тәртібін белгілей отырып, қорғаныстық маңызы бар және/немесе төтенше жағдайды жою кезінде пайдаланылатын көлік кешені жүйелері мен объектілерін дамытуға бірінші дәрежелі көңіл бөлу;

• республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру және олардың орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру арқылы көлік кәсіпорындарына мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстар белгілеу;

• көлік кешенінің жұмылдыру дайындығы жөнінде қажетті нормативтік құжаттарды әзірлеуді жүзеге асыру, жұмылдыру дайындығы жүйесін және жаңа экономикалық жағдайдағы жұмылдыру органдарының құрылымын әзірлеу;

• ақпараттандыру, байланыс және басқару құралдарының айрықша жағдайда тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету көзделеді.

Көлік кешенінің жүйелері мен объектілерінің төтенше жағдайдағы қызметін қолдау жөніндегі іс-шаралар мемлекеттік мақсаттық бағдарламаларға және Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарына сәйкес алдын-ала әзірленіп, жүзеге асырылады.

Көлік қызметтері қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, соның ішінде қоғамдық тәртіпті қорғау және қылмысқа қарсы күрес мәселелерін шешуде ішкі істер органдарымен өзара тығыз іс-қимылды жүзеге асырады.

Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін көлік кешені қызметіне байланысты бөлігінде арттыру үшін оның материалдық-техникалық базасын күшейту, айрықша жағдайда немесе төтенше жағдайда жұмыс істеуге дайындау жөніндегі шаралармен қатар, басқа елдердің көлік инфрақұрылымдарын пайдалану қажеттілігінен тәуелділігі жою көзделеді

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Интернет-ресурс: <http://all-politologija.ru/knigi/politologiya-uchebnoe-posobie-dlya-vuzov-krajterman/politicheskij-marketing>
2. Интернет-ресурс: <http://binaryoptions.su/teoriya-dou.html>
3. Саяси түсіндірме сөздік/ құрас. автор: Е. Саиров. Алматы, 2007.- 615 б.
4. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында/ Алматы: Атамұра, 2003.- 285 б.

ӨОЖ 32/001.323:321

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ «ҰЛТ ЖОСПАРЫ - ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ» АТТЫ МАҚАЛАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МОДЕЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ

Айсана Қахарман

iceana@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Журналистика және саясаттану факультеті, саясаттану кафедрасының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың биылғы жылдың 6 қаңтарында баспасөзде жариялаған «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласы қоғамда үлкен серпіліс жасап, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асырудың заңды жалғасына айналды. Яғни, Мемлекет басшысы осы мақаласы арқылы өзі ұсынған Бес институционалдық реформаның практикалық кезеңінің басталғанын халыққа жария етті. Әрине, бұл реформалар тақыр жерден басталған жоқ. Өткен жылы Ұлт жоспарының барлық заңдық және тұжырымдамалық негіздері жасалды. Аз уақытта ауқымды шаралар жасалды. Мысалы, 2015 жылы мемлекетті, қоғамды және экономиканы дамыту жолында 59 заң

күшіне енді. Бұл орайда, Парламент депутаттарының және Елбасының шешімімен құрылған Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның кәсіби жоғары деңгейін атап өтуіміз керек. Өйткені, қазіргідей әлемдік дағдарыс тұсында және жаһандық түрлі сын-қатерлер белен алған шақта кез келген мемлекет уақыт оздырмай өзінің даму жолын тандап алуы керек десек, жоғарыда айтылған халық қалаулылары мен Ұлттық комиссия мүшелері уақытпен санаспай жұмыс жүргізді. Бұған сонымен қатар, мемлекеттің барлық органдары, қоғамдық институттар және өзге де ұйымдар жобаны жүзеге асыру жолында белсене атсалысуда. Бұл болашақта мемлекетіміздің бірегей тұтас қоғам болып қалыптасуының бірден-бір көрсеткіші деп бағалауға болады.

Биылғы жылы Қазақстан тәуелсіздіктің ширек ғасырлық мерейтойы 25 жылына қадам басып отыр. Мемлекет басшысы аталған мақаласында бұл сындарлы жылдарда Тәуелсіздігіміздің берік әрі нық болуы, сан этностар мекендеген кең-байтақ өлкеде өзінің ғасырлар бойы жинақтап келе жатқан құндылықтарын басым еткізіп, экономикасы дамыған, әлемдегі озық мемлекеттермен иық тіресетіндей дәрежеге жеткізу қыруар саясаттың нәтижесі екенін атап өтті. Соған қоса, мемлекет басшысы жаңғыртудың тек қуатты мемлекет пен Ұлттың топтасқандығы жағдайында ғана табысты болатынын естен шығармауымызды және ол тәртіптің бастауы екенін айтты. Бұл мәселеде өткен жылы бүкіл ел болып өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы аясында өткен іс-шаралардың халқымыздың бірлігін одан әрі бекемдеудегі маңыздылығын атап көрсетуіміз керек. Былтырғы жылы Астана, Алматы қалалары мен барлық облыстарда 9 мыңға жуық әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырылған. Сол шараларда өзге этнос өкілдері Елбасы саясатының кемелдігіне ризашылықтарын білдіріп, болашағы біртұтас ұлт қалыптастырудың даңғыл жолын тандағандарын айтты.

Қазіргі таңдағы «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол», «Қазақстан-2050», «Мәңгілік ел» атты ауқымды жобалар мен стратегиялар елімізді дамыған 30 елдің қатарына қосу жолының бастамасы. Олар әлемдегі көшбасшы мемлекеттерді біріктіретін Экономикалық ынтымақтастық пен даму стандарттарына сәйкес келетін критерийлерге сай, экономикалық өсім мен қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартуы үшін лайықты жағдайлар қалыптастырады. Соның негізінде, Қазақстанымыз дәулеттірек және серпіндірек болады деген сенімдеміз.

Елбасы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері мемлекеттік аппараттың кәсіби және негізді іс-қимылына арқа сүйеуін, халықаралық деңгейде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз еткенін, өз жеріміз бен оның байлығын тиімді пайдалану мен үнемдеп қолдануды, бұрын-соңды болмаған жаңа технологияларды игеріп, өндірістік қуаттар мен экономиканың тұтас салаларының іске қосылғанын атап өтті. Ең бастысы- біз жаңаша армандауды, жаһандық әлемдегі дағдарысқа қарамастан, ел мен қоғамды дамытуда нақты міндеттер қоя алатынымызды айқын көрсетті. Ол біздің парламенттік моделіміз бен мемлекеттік биліктің өкілетті және атқарушы тармақтарының сапалы жұмыстарының көрсеткіші екені де мәлім.

Қазақстанның алға қойған мақсаттарына жету жолында жаңа қазақстандық заңнамалар қазірдің өзінде жұмыс істей бастады. Сол себептен, оны тек біліп қана қоймай, күнделікті өмірде, қоғамдық қатынастарда жаңа мүмкіндіктерін қолдану маңызды болып табылады. Әрбір азамат қай салада болсын белсенді әрі саяси білімді болуы қазіргі заман талабы. Тұтастай алғанда, қоғамның экономикалық және азаматтық белсендігін арттыруға қуатты серпін беретін болады.

Қазақстан әлемге ұлтаралық келісім моделінің еш елде жоқ үлгісін ұсынды. Ол еліміздің тұрақты дамуының, бейбітшілік пен келісімнің маңыздылығын көрсетеді. Себебі, әлемде бүкіл дамыған мемлекеттер – біртұтас ұлттар. Мемлекет басшысы атап кеткендей, әлемде біртектілік пен біртұтастық саласында әмбебап стандарттар мен ұсынымдамалар жоқ. Өлі ешкім де өмірдің осы саласын өлшеуге қабілетті жалпыға ортақ индексін немесе формуласын ойлап тапқан жоқ.

Бүгінде, біздің мемлекетте этносаралық бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ететін Қазақстан Халқы Ассамблеясы қарқынды жұмыс атқаруда. Елімізде 100-ден астам этнос

өкілдерін бір аспан астында бейбіт ұстау миссиясын табысты орындап келеді. Ассамблея жұмыстарының принциптері ауқымды маңыздылықты қамтитындығы айдан анық. Ол бейбітшілік пен келісім, толеранттылық пен өзара сыйластық.

Бірлік жолында маңызды орын алатын «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына ие болдық. Кемел болашақтың кепілі біріктіруші күштің болуында. Тап осы негізде Мәңгілік Ел идеясы келешекке деген зор сенім мен үміт, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жолында маңызды рөл атқарды. Мәңгілік Ел Патриоттық актісінің аясында біртұтас азаматтық қоғам, жалпыұлттық құндылықтар қағидаты, үш тұғырлы тіл мәдениетін нығайту мақсат етілді. Бұл идеяларды нығайтып және көбейтіп қана қоймай, сонымен бірге, ұрпақтан ұрпаққа, дәуірден дәуірге ұластырып отыру керек. Мәңгілік Ел Патриоттық актісінің тарихи және рухани күші де осыдан танылуы тиіс. Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы қазақстандық ерекшелікті ескере отырып, мәдениет пен білім беру саласын жаңғырту үшін, жастарды әлеуметтендіру және патриоттық тәрбие беру үшін бейімделген. Біртектілік пен біртұтастықты нығайту аясында стратегиядағы маңызды жұмыстар тек Қазақстан халқы Ассамблеясына айналасында орындалады.

Елбасы ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесіне сай біртектілік пен біртұтастықтың тек нақты факторларға – меритократияға, кәсіби мемлекеттік аппараттың тиімді жұмысына, заңның үстемдігін қамтамасыз етуге, экономикалық өсімге, есеп беретін мемлекеттің транспарентті жұмысына ғана арқа сүйей алатынын көрсетіп отыр деп атап өтті.

Біртектілік пен біртұтастықты нығайту және дамыту, Қазақстан халқы Ассамблеясының 2025 жылға дейін дамыту, дене тәрбиесі мен спортты 2025 жылға дейін дамыту сияқты 3 маңызды жаңа Тұжырымдама әзірленді. Білім беруді дамыту, мемлекеттік даму және тілдердің жұмыс істеу бағдарламасына көптеген өзгертулер енгізілген болатын.

Қорытындылай келе, Елбасымыздың салиқалы саясатының арқасында Қазақстан бәсекеге қабілетті мемлекеттердің қатарына қосылуда. Әлемдегі дағдарысқа қарамастан, біз қазақстандық арманға бастар жолды айқындап отырмыз. Бұл алға қойылған бүкіл нақты жоспарлар мен жобалардың арқасында жарқын болашақта Қазақстан өркендей түсетініне кәміл сенеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-ult-zhospary-kazakstandyk-armanga-bastaityn-zhol-makalasy
2. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kr-prezidentnn-ult-josparyi-kazakstandyik-armanga-bastaytyin-267286/
3. <http://egemen.kz/tag/ult-zhospary>
4. <http://www.inform.kz/kaz/article/2777949>
5. <http://assembly.kz/kk>